




АЖЫРАСУ ОҢАЙ,
САЛДАРЫ АУЫР

5-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



ОЛ ЕККЕН ДӘН

6-БЕТ | ҚОҒАМ



МӘНШҮК ЖАҚҚАН
МӘҢГІ ОТ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Жастардың оқу-тәрбие жұмысы
түзелмей, жұрт ісі түзелмейді.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

”

№61
(4805)
Сейсенбі
27 мамыр
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ӨНДІРІСІ ӨРКЕНДЕГЕН ЕЛОРДА

Елорданың ішінде ірі кәсіпорындар көрінбегенмен, қаланың шеткі аймағындағы №1 индустриялық парктің аумағында көптеген ірі өндіріс ошағы шоғырланған. Мұндағы отандық өндірісті дамытуға айрықша үлес қосып жатқан кәсіпорындарда мыңдаған адам жұмыспен қамтылған. Сондай-ақ индустриялық паркте шетелдік инвесторларға да жұмыс жүргізуге жан-жақты жағдай жасалған.

ТҮЛЕКТЕРГЕ ГРАНТ БӨЛІНЕДІ

Өткен сенбіде Астана қаласының мектептерінде соңғы қоңырау мерекесі өтті. Биыл елордада 14 мыңнан аса түлек мектеп бітірді.

Мектеп түлектерін құттықтаған Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек биыл Білім басқармасы мен Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармалары арқылы жоғары оқу орындарына 550-ден астам грант бөлінетінін, сондай-ақ колледждерде оқу үшін 10 грант қарастырылатыны жоспарланғанын мәлім етті.

(Жалғасы 3-бетте)



ТЕГІН КЕҢЕС БЕРЕДІ

Астанада 30 мамыр күні республикалық «Халық заңгері» акциясы ұйымдастырылады.

Бұл күні кез келген адам тегін заңгерлік кеңес алып, мемлекеттік органдар өкілдеріне тікелей жүгіне алады. Акция 30 мамырда еліміздің қалалары мен елді мекендерінде өтеді. Астана қаласы тұрғындары үшін тегін заңгерлік кеңестер әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында (Б.Момышұлы даңғылы, 5) сағат 17:00-де басталады.

«Мемлекеттік органдар, елдің үздік заңгерлері мен адвокаттары азаматтарды қабылдап, құқықтық кез келген сұрақ бойынша консультация береді. Қатысушылар үшін кіру тегін. Толығырақ және нақты кеңес алу үшін азаматтар өз ісіне қатысты құжаттарын бірге алып келуі қажет» делінген хабарламада.

LRT: ВАГОНДАР КЕЛЕ ЖАТЫР

Қытайдың Таншань қаласында Астанаға LRT вагондарының алғашқы екі құрамын жөнелту рәсімі өтті. City Transportation Systems компаниясының мәліметінше, Таншань қаласындағы LRT жобасы үшін барлығы 19 жылжымалы құрам өндіріледі.

Заманауи, төрт секциялы, жүргізушісіз жүретін, автоматтандырудың төртінші деңгейіндегі вагондардың әрқайсысы 650 жолаушыға дейін сыйдыра алады. «Астанаға алғашқы екі құрамды жеткізу 2025 жылдың маусым айына жоспарланған. Қалған 17 құрам осы жылдың соңына дейін жеткізіледі. Желіні сынақтан өткізуді бастау қыркүйек айына жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта Астанадағы LRT жобасы аясында құрылыс жұмысының басым бөлігі аяқталды. Жол төсеу, станциялар қасбетін монтаждау, эстакаданың тіректері мен арқалықтарын сырлау, сыртқы инженерлік желілерді қосу, эстакада асты аймағын абаттандыру және депо құрылысының жұмысы жалғасып жатыр» делінген компания мәліметінде.



Елордада Кенесары ханның ескерткіші жөндеу жұмысынан кейін қайта орнына қойылды. Бұл туралы Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин өзінің Instagram парақшасында мәлімдеді.

ЕСКЕРТКІШТІҢ ЕҢСЕСІ КӨТЕРІЛДІ

«Астанадағы Кенесары ханның ескерткіші жөндеу жұмысынан өтіп, қайта орнатылды. Қазір ескерткіш айналасында абаттандыру жұмысы жүргізілуде» деп жазды Е.Қарин.

Былтыр жүргізілген сараптама нәтижесінде ескерткіш іргетасының қисайғаны және оның құлау қаупі бар екені анықталған еді. Осы жағдайға байланысты мәдени мұраны сақтап қалу мақсатында реставрация жұмысын жүргізу қолға алынды. Енді, міне, Есіл өзені жағалауындағы Кенесары хан ескерткіші жаңғырып, еңсесі биіктеген жаңа кейіпте қайтадан өз орнына орнатылды.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 572.53 \$ USD/KZT 507.07 ₸ RUB/KZT 6.37 ¥ CNY/KZT 70.37

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ТАПСЫРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет және қоғам қайраткері Равиль Шырдабаевқа «Отан» орденін, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Тоқпановқа І дәрежелі «Барыс» орденін салтанатты түрде табыстады. Іс-шарада сөйлеген сөзінде Президент халқымыз Равиль Шырдабаевты егемендік жылдарынан бастап елдік істерге белсене қатысқан әрі мемлекеттігімізді нығайтуға зор үлес қосқан азамат деп айрықша құрметтейтінін айтты.

«Әсіресе, мұнай-газ саласын өркендетуге мол еңбек сіңірдіңіз. Сіздің бастамаңызбен бұл сала жаңа кезеңге қадам басты деуге болады. Министр, облыс әкімі, депутат ретінде ұлт мүддесіне адал қызмет еттіңіз. Дипломатия саласында жұмыс істеп, еліміздің халықаралық беделін нығайтуға атсалыстыңыз. Сондай-ақ сіз мұнай өндірісіне арналған бірнеше ғылыми еңбектің авторысыз. Халқымыз «Еңбегімен ер сыйлы» деген. Сіздің ерен еңбегіңіз – өскелең буын үшін

үлгі-өнеге» деді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар Президент білікті дәрігер, «алтын қолды хирург» ретінде Серік Тоқпановтың саналы ғұмырын ұлт саулығы үшін еңбек етуге арнағанына тоқталды. «Денсаулық сақтау жүйесінде елу жылдан астам уақыт бойы қызмет етіп келесіз. Дәрігер болу – мамандыққа адал болу деген сөз. Бұл – жүгі ауыр, күрделі жұмыс. Сіз еңбек жолыңызда аса күрделі оталар жасап, мыңдаған адамның

өмірін сақтап қалдыңыз. Нағыз жанашыр дәрігер болдыңыз. Қазақстанның медицина ғылымын дамытуға орасан зор үлес қостыңыз. Сіздерге берілетін бүгінгі жоғары мемлекеттік марапат – ел игілігі үшін жасалған табанды еңбектің лайықты жемісі. Бұл – жұртымыздың шынайы ықыласы және зор алғысы» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Равиль Шырдабаев пен Серік Тоқпанов жоғары мемлекеттік марапаттарға лайық көргені үшін Президентке алғыс айтты.

300 ЖАҢА АВТОБУС САТЫП АЛАМЫЗ

Биыл Астана қаласының әкімдігі Қытайдағы Yotong автозауытында шығарылған 300 жаңа автобус сатып алады. Олар экологиялық және үнемді газбен жүреді. Бұл туралы шетелге іссапарының қорытындылары туралы Астана мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден мәлім етті.

«Елорда мәслихатының депутаттары мемлекеттік органдардың өкілдерімен бірлесіп, ҚХР-дың бірқатар компаниясына жұмыс сапарымен барып қайттық. Қытай компаниялары Астананың күнделікті өміріне аса қажетті нысандардың құрылысын жүргізеді. Мысалы, ерекше басымдық берілген жобалардың бірі – жоғары технологиялық күл-қоқыс өртейтін зауыт салу. Бүгінгі таңда қалалық полигонда қатты тұрмыстық қалдықтар сұрыпталып, арнайы жерлерге сақтауға жөнелтіледі. Ал жаңа кәсіпорынды іске қоссақ, күл-қоқыс өртеліп қана қоймай, электр қуатын өндіруге мүмкіндік береді. Ал өртелгеннен қалған күл құрылыс материалы болып қайта өңделеді» деп түсіндіріп жазды Т.Зейнұлқабден әлеуметтік желідегі парақшасында.

Мәслихат төрағасы биыл бас қалада екінші канализациялық тазарту қондырғысының құрылысы басталғанын хабарлады. «Міне, осы құрылысқа Қытайда көптен бері тәжірибеде бар жаңа технологияларды қолданамыз. Бұған қоса, осы жоба арқылы шөгінді тұнбаларды жою қарастырылған» деп жазды Т.Зейнұлқабден.



Сондай-ақ іссапар барысында Астанаға жаңадан 300 автобус сатып алу мәселесі де шешімін тапқаны мәлім болды. «Биыл елордаға үнемді және экологиялық отын – газбен жүретін Қытайдағы Yotong автозауытында шығарылған 300 жаңа автобус сатып аламыз. Депутаттық корпусың бастамасымен мәслихатта өткен жиындардың бірінде айтылған бұл мәселе бірауыздан қолдау тапты. Біз басқа көлікті емес,

газбен жүретін осы автобусты таңдадық. Астана аталған зауытпен 5 жылдан бері ынтымақтасып қарым-қатынас орнатты. Біздің климаттық жағдайларымызға жақсы бейімделген автобустар қала тұрғындары мен қонақтарының алдында тиімділігі мен жайлылығын дәлелдеді. Ал кәсіпорын қазір әлемдегі қоғамдық көлік шығарудан және сатудан көшбасшы» деп толықтырды сөзін мәслихат төрағасы.

796 МЛН КИБЕРШАБУЫЛ ӘШКЕРЕЛЕНГЕН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевты қабылдады. Президентке ведомствоның жыл басынан бері атқарған жұмысының нәтижесі мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде есеп берілді.

Ермек Сағымбаевтың айтуынша, ҰҚК материалдары негізінде 43 адам лаңкестік пен діни экстремизм бабы бойынша сотталған және 34 азамат тергеліп жатыр. Терроризм мен экстремизмге қатысы бар 212 шетелдіктің Қазақстанға кіруіне жол берілмеді. Радикалды ұйымдарға мүше 1498 шетелдік адамның елімізге келуіне шектеу қойылды. Террористік және экстремистік қылмыстар жасағаны үшін

қаржыны аудару фактілерін ескере отырып, терроризм қаупін төмендету бойынша қосымша шаралар әзірленді. Мемлекет басшысына Ішкі істер министрлігімен бірлесіп 13 қылмыстық топтың қызметі тоқтатылғаны, олардың 142 мүшесі ұсталғаны және 40 азаматтың тұтқындалғаны туралы баяндалды. Заңсыз айналымда жүрген 282 атыс қаруы, 48 граната мен 4586 оқ-дәрі тәркіленген. Есірткі

лық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясында 1,6 триллионнан аса теңге көлемінде мемлекетке келтірілетін залалға тосқауыл қойылып, оның 220 миллиард теңгесі қазынаға қайтарылды. Мемлекеттік шекараны бұзған 16 мыңнан астам адам ұсталды. 3025 тұлға елден шығарылды. Қару-жарақ пен оқ-дәрі, есірткі және басқа да тыйым салынған заттарды алып өтпек болған 600-ден аса факті



іздеуде жүрген 12 шетелдік азамат ұсталды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа Терроризмге қарсы орталықтың кезекті отырысы өткізілгені жөнінде мәлімет берілді. Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік жүйесін дамытуға арналған кешенді жоспарды жүзеге асыру барысы қаралды. Қазақстан арқылы лаңкестерді алып өту, лаңкестік әрекетке қажетті

өндіретін 12 зертхана, сондай-ақ 13 халықаралық және 12 өңірлік тасымал арнасы жойылған. Заңсыз айналымнан 3,2 тонна есірткі мен психотропты заттар, 7,5 тонна прекурсорлар алынды. Сыбайлас жемқорлық пен құқыққа қайшы басқа да әрекет жасаған мемлекеттік және құқық қорғау органдарында жұмыс істейтін 15 лауазымды тұлға құрықталды. Экономика-

әшкереленді. Шекара арқылы 11 миллиард теңге мен құны 16,6 миллиард теңге болатын тауарларды заңсыз алып өтуге жол берілмеді. Сонымен қатар мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесіне жасалған 796 миллион кибершабуыл әшкереленген. Кездесу соңында Президент ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметінің бағыттары бойынша бірқатар тапсырма берді.

АСТАНАҒА ҚАЙ ЕЛДІҢ БАСШЫЛАРЫ КЕЛЕДІ?

Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен төмендегідей іс-шаралар өтеді. Бұл туралы Ақорданың телеграм-арнасы хабарлады.

28-29 мамыр күндері Қазақстанға Руанда Президенті Поль Кагаме ресми сапармен келеді. Сапар аясында екіжақты ынтымақтастықты дамыту перспективасы талқыланып, бірқатар құжатқа қол қойылады. 28 мамырда Германия Федеративтік Республикасы Бундесратының Төрағасы Анке Релингермен кездесу өтеді. 28-29 мамыр күндері Солтүстік

Македония Президенті Гордана Силиановская-Давкова жұмыс сапарымен келеді. 28-29 мамырда Астанаға Хорватия Премьер-министрі Андрей Пленкович жұмыс сапарымен келеді. 29 мамыр күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана халықаралық форумына (AIF) қатысады және ресми делегация жетекшілерімен, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен

компаниялар басшыларымен бірқатар кездесу өткізеді. 30 мамырда елімізге Италия Премьер-министрі Джорджа Мелони ресми сапармен келеді. Сол күні аймақтағы мемлекеттер басшыларының қатысуымен бірінші «Орталық Азия – Италия» саммиті өтеді. 31 мамырда Президент Саяси қуғын-сүргін және апаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған іс-шараға қатысады.

ҚАНША ШАҚЫРЫМ ЖОЛ АҚЫЛЫ БОЛАДЫ?

2025 жылы жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін, жалпы ұзындығы 6,2 мың шақырым болатын 29 учаскеде ақылы жүйе енгізіледі. Бұл туралы жуырда Сенатта өткен «Қазақстан Республикасындағы автомобиль жолдарын салу және пайдалану: ағымдағы жай-күйі, өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары» деген тақырыптағы Үкімет сағатында Көлік министрі Марат Қарабаев мәлімдеді.

Қазіргі уақытта елімізде ұзындығы 3,2 мың шақырымды құрайтын 17 ақылы жол учаскесі бар. 2024 жылдың қорытындысы бойынша ақылы жолдардан 48 млрд теңге мөлшерінде төлем

жиналған. Министр жоспарланған кіріс көлемі жылына 100 млрд теңгеден асатынын айтты. Сенат төрағасының орынбасары Ольга Перепечина өз сөзінде автомобиль

жолдарының жағдайы ел экономикасының дамуына ғана емес, азаматтардың өмір сапасына да тікелей әсер ететінін айтып, бұл мәселенің бүкіл ел үшін аса маңызды екенін атап өтті.

ТҮЛЕКТЕРГЕ ГРАНТ БӨЛІНЕДІ

Бас қалада 14200-ден астам түлек мектеп бітірді. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлімдеді.



«Бүгінге дейінгі оқу жылдары ішінде оқушыларымыз мұғалімдерімен және ата-аналарымен бірге өздерінің ең жақсы қасиеттерін – жауапкершілігін, тәртібін, білімге құштарлығын көрсетті. Енді түлектеріміз үшін өмірінде жаңа әрі жауапты кезең басталады – мамандық

пен жоғары оқу орнын таңдау. Өз тарапымыздан біз балаларымызды қолдауды әрі қарай да жалғастырамыз: қаланың Білім басқармасы, Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы тарапынан жоғары оқу орындарына 550-ден астам грант бөлу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ Білім басқармасы қала колледждеріне (9 және 11-сынып негізінде) сұранысқа ие 62 мамандық бойынша 10 мың грант қарастырған» деді Жеңіс Қасымбек.

Астана қаласының әкімі қалада рекордты көлемде мектептер салынғанын атап өтті.

«Өтіп бара жатқан оқу жылында біз рекордты мөлшерде білім беру мекемелерін салып, пайдалануға бердік. Олар – 24 жаңа мектеп. Аталған мектептер қалада шамамен 66 мың оқушы орнының (екі ауысымда) ашылуына мүмкіндік берді. 24 мектептің 16-сы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынды. Сонымен қатар алдағы жылдарға дайындық жұмысын жалғастырып жатырмыз. Жаңа оқу жылы барысында тағы 15 мектеп ашуды жоспарлап отырмыз. Білім беру нысандарын салуға жеке инвестициялар да тартылып жатыр.

Түлектер мен олардың ата-аналарын мектеп бітіруімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге сәттілік, армандаған оқу орнына түсіп, биік белестерден көріне берулеріңізді тілеймін!» деп жазды елорда әкімі.

ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛ ЕНГІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық сала мен бағытта цифрлық құралдарды енгізу арқылы қызметтер мен деректерді толық цифрландыру қажеттігін тапсырған болатын. Президент тапсырмасын орындау және елорда тұрғындарына қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау мен шығару қызметінің сапасын арттыру, сондай-ақ қызмет ақысын есептеудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етуде Астана қаласы әкімдігі қоқыс шығаратын ұйымдардың қызмет көрсету сапасын растауға цифрлық құрал енгізді.



Ержан ҚОЖАС

Быттыр қоқыс шығару шарттары қайта қаралып, бір компанияның орнына қала аудандары бойынша жұмысқа үш компания тартылған еді. Жұмыстың орындалуы ақпараттық сервис арқылы, тексеріссіз, жұмыс орнында тіркеледі. Бұл жүйе қызмет сапасын нақты уақытында бақылауға және тиімді басқару үшін аналитикалық дерек қалыптастыруға мүмкіндік бермек. «Waste Management» ақпараттық жүйесінің арнайы бағдарламасы арқылы барлық контейнер алаңдары мен контейнерлері белгіленген цифрлық карта жасалды. Яғни әрбір алаң жеке есепке алынады. Осылайша, цифрлық жүйе қоқысты міндетті түрде шығару жүйесін құруға жол ашып, енді компаниялар орында-

маған жұмыстарын жасыра алмайды.

«Бүгінде рұқсатсыз төгілген қалдықтардың шамамен 70 пайызы құрылыс қалдықтары екенін атап өткен жөн. Цифрландырудағы негізгі мақсатымыз – тұрмыстық қалдықтарды жинау мен шығару қызметтерінің сапасын арттыру, сондай-ақ елорда тұрғындары үшін көрсетілетін қызмет ақысын есептеуде ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету. Бүгінде қатты тұрмыстық қалдықтар бойынша жоспарланған жұмыстардың 85 пайызы орындалды. Бұрын тұрғындардан күніне 200-ден аса шағым түссе, қазір олардың саны 5-ке қысқарды. Ендігі мақсат – цифрландыруды полигонның өзіне қосу. Қазір сол бағытта жұмыстар жүргізілуде» дейді Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов.

Басқарма басшысының орынбасары Медет Жалпыбаевтың сөзінше, кейінгі 3-4 жылда коммуналдық қалдықтардың дер кезінде шығарылауының негізгі түйткілі – маршруттардың тұрақсыздығы, техниканың жетіспеушілігі мен тозуы. Арнайы цифрлық бағдарлама енгізілген соң нәтижесінде техникалық парк 100 жаңа қоқыс таситын көлікпен толығып, 15 мыңнан астам контейнер сатып алынған. Бұған қоса, қалдық көлемі бойынша нақты аналитика және қалалық инфрақұрылымды жоспарлау жақсарып, GPS растау мен фотофиксация арқылы қызмет сапасы артты. Сондай-ақ жүйе мемлекеттік қаржыландырусыз, тек қоқыс шығаратын компаниялар есебінен жүзеге асуда.

«Біз Есіл мен Нұра ауданы бойынша быттыр шілде айынан бері жұмыс жүргіземіз. Дұрысы, тұрмыстық қалдықтарды тазалау, жинау, тасымалдаумен айналысамыз. Бүгінде қоқыс шығару бойынша тұрғындардан шағым азайды, тіпті жоқ десек те болады. Компанияға қарасты қоқыс тазалау мен шығаруға арналған 58 арнайы техника бар. Болашақта мұның санын арттырамыз. Жұмыс таңғы 6-да басталып, кешкі 9-ға дейін жалғасады. Ал сәуір айынан бастап қалдық шығаратын алаңдарды, жерасты контейнерлерін сумен жуып, арнайы дезинфекциядан да өткіземіз» дейді «Taza Zher Capital» ЖШС директоры Бақдәулет Жұмағалиұлы.

Айта кетейік, осы жылдың 26 наурызында өткен Үкімет отырысында елорда әкімі Жеңіс Қасымбек бұл жүйенің нәтижесін Премьер-министр Олжас Бектеновке баяндаған еді. Аталған жүйе жоғары бағаланып, өзге өңірлерге үлгі ретінде таратуға тапсырма берілді.



ТАРИФ МӘСЕЛЕСІ ТЫҢДАЛДЫ

Елордалық депутаттар жария тыңдауға дайындық аясында екі нысанның жұмысымен танысты. Бұл туралы қалалық мәслихаттың депутаты Кендебай Адамбек әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

Оның айтуынша, Шұбар және Тельман тұрғын алаптарын газдандыру жұмысымен танысу барысында әкімшіліктің мүдделі Энергетика басқармасының басшыларымен және мердігерлермен жүздескен. Одан кейін Алматы ауданының әкімдігінде өткен кездесуде «Астанажылутранзит» АҚ жылу энергиясымен қамтамасыз ету үшін тариф мәселесі қаралған. Айта кету керек, 2024 жылы 8 шілдеде қабылданған «Жылу энергетикасы туралы» ҚР заңына сәйкес, 1 шілдеден бастап делдалдар жойылып, «Астанажылутранзит» АҚ тұтынушыларды жылу энергиясымен қамтамасыз ету функциясын өзіне алады. «Біріншіден, жаңа функцияны іске енгізу үшін қаржы қажет. Екіншіден, жылу энергиясын сату үшін оның бағасы, яғни тариф бекітілуі керек.

Астана қаласының өңірлік тарифті реттеу бойынша комиссия мүшесі ретінде тұтынушылардың, яғни сайлаушылардың құқығын қорғау үшін біраз ұсынысымды жеткіздім. Атап айтқанда, «Астанажылутранзит» АҚ жыл аяғына дейін өз қаржысы есебінен жаңа бағытты құрып, іске қосу мүмкіндігін қарау, екіншіден, 1, 2, 3 бөлмелі (аумағы 100 шаршы метрден аспайтын) пәтерлер бұрынғы «Астанаэнергосбыт» мекемесіне төлеген қаржысынан қанша жеткіздім. Төлейтіні жайлы ақпарат беру. Үшінші, салыстырмалы түрде арнаулы құжат (брошюра 2 тілде) дайындап, онда барлық шығын мен табысты көрсетіп, тарифті ұсынылған мөлшерде бекітуден басқа жол жоғын қарапайым тілде дәлелдеуді ұсындым» дейді халық қалауысы.

САРБАЗДАРДЫ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Астана тыныштығына жауапты Ұлттық ұланның 5573 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын атқарған сарбаздарды шығарып салу рәсімі өтті. Құрама басшылығы мерзімді әскери қызметін абыроймен аяқтаған 600-ден астам сарбазға алғыс білдіріп, әскери қалашық алаңында салтанатты түрде шығарып салды.



Сарбаздар азаматтық парызын адал атқарып, бас қаладағы заңдылық пен тәртіптің нығаюына, әскери бөлімнің жауынгерлік қабілетін арттыруға елеулі үлес қосты.

Салтанатты рәсім барысында сарбаздарға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Әскери бөлім командирі, генерал-майор Аян Есжанов олардың болашақ өмір жолында табыс пен биік белестерге жетуіне тілектестік білдірді.

Айта кетерлік қуанышты жайт –

осы буыннан 114 сарбазға «Мерзімді әскерилер 2:0» бағдарламасы аясында тегін жоғары білім алу гранты берілді. Бұл – олардың жарқын болашағына жол ашатын үлкен мүмкіндік. Аталмыш бағдарлама жас сарбаздарға білім алып, болашақта әскери, құқық қорғау және мемлекеттік қызмет салаларында кәсіби дамуға зор мүмкіндік беріп отыр.

Нәсіпхан СПАН,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

ДӘРІГЕРЛЕР ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ

Астана қаласындағы №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасында ашық есік күні өтті. «Дәрігер – балалардың жанашыры» республикалық акциясы аясында травматолог-ортопед мамандары 100-ден астам баланы қабылдады.

«Қазіргі кезде балалар арасында сколиоз, жалпақ табан аурулары жиілеп кетті. Ертерек ем басталмаса, жағдай асқынып, ота жасауға дейін алып барады. Қатердің алдын алу, емделу шараларын қолға алу үшін ашық есік күнін ұйымдастырдық. Мамандар күнделікті қабылдау шараларын өткізеді. 100-ден астам бала травматологтарға қаралуға тіркелді» дейді №2 қалалық балалар ауруханасы ди-

ректорының медициналық қызмет сапасын бақылау және стратегиялық даму жөніндегі орынбасары Медет Нұғманов.

Балаларды қабылдауға травматолог-ортопедтердің 6 бөлмесі есігін айқара ашты. Бірінен соң бірі кезексіз кіріп жатқан ата-аналар ақ халатты жандарға алғыс жаудырды.

«Екі қызымды қаралуға алып келдім. Ортопедтің кезегіне жазылу үшін



сайтқа кіріп, 1 минуттың ішінде өтінім бердім. Мұндағы мамандар өте білікті, тәжірибелі екен. Кезекке сағаттап тұрып шаршамадық» дейді қала тұрғыны Алмагүл Нұртайқызы.

Бұл шара халықтың медициналық сауатын арттырып, жарақат пен асқынулардың алдын алуға бағытталды. Ашық есік күнінің арқасында тұрғындар дәрігерлермен еркін сөйлесіп, сұрақтарына жауап алды. Травматология бөлімінің дәрігерлері алдағы уақытта осындай іс-шараларды жиі өткізуге ниетті.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

Ержан
ҚОЖАС

«Біздің зауыт осы экономикалық аймақтан жер алып, 2018 жылы жұмысын бастады. Алғашқы өнімді де сол жылы шығара бастадық. Бүгінде екі ауысыммен 120 адам жұмыс істеуде. Жұмыскерлердің орташа жалақысы – 300-350 мың теңге шамасында. Екіншіден, біздің қызметкерлердің дені – 20-35 жастағы қыз-жігіттер. Қазір екі жыл болып қалды. Осы Астанадағы Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетімен меморандумға отырып, ондағы 3-4-курс жігіттерін тәжірибеден өткізуге қол жеткіздік. Яғни дуальды оқыту арқылы олар бізде жұмыс істеп әрі үйреніп, ең жақсысы, жалақы алып жүр. Тіпті олардың арасында оқуын бітіріп, бізде цех операторы ретінде қызметке тұрақтап қалғандар бар» дейді кәсіпорынның инновациялық даму жөніндегі директоры Әлібек Шәріпов.

БІР ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ 13 ТҮРІ БАР

Зауыт ішін аралап жүріп алғашқы цехқа аялдадық. Мұнда бұғаттау-пломбылау құрылғысын өндіреді екен. Яғни теміржол саласындағы жүк тасымалдау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін зат. Мысалы, бағалы заттар салынған контейнерлерді, мұнай құйылған цистерна, сауда заттары тиелген вагондардың рұқсатсыз ашылмауына арналған тауарлар дайындалуда.

«Бұдан бөлек, бұғаттау-пломбылау құрылғысының қоймаға, сейфтерге, сондай-ақ коммуналдық қызметтегі су, газ, электр есептегіштерді рұқсатсыз ашудан қорғайтын түрлерін де өндіреміз. Басты тапсырыс беруші – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы. Олармен 1998 жылдан бері жұмыс істейміз, ол уақытта біздің өндіріс орны Алматы қаласында орналасқан еді. Қазір жылына теміржолдағы жүк тасымалына 10 миллионға жуық темір бұғаттау-пломбылау құрылғысын сатамыз» дейді Әлібек Шәріпов.

Оның айтуынша, дәл осы өнімнің пластик түрі де өтімді. Қазір Halyk Bank, Kaspi, Қазпочта, ЭйрАстана сияқты алып компаниялар кәсіпорынның осы өніміне жиі тапсырыс береді. Айтпақшы, кәсіпорын бұғаттау-пломбылау құрылғысының темір түрінен 3, ал пластик түрінен 10 түрлісін дайындауда.

ЖАҚСЫ КӘСІПТІҢ БІРІ – ЖАНУАРЛАР «СЫРҒАСЫ»

Зауыт ішінде ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруге арналған «сырғалар» дайындайтын бөлек цех орналасқан. Мұнда көбіне ірі қара мен ұсақ малға арналған өнім шығады. Сонымен қатар бұл тауарға еліміздегі Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты құрылымдар мен басқармалар басты тапсырыс беруші болып отыр.



ҮШ ӨНІМ ҰСЫНҒАН КӘСІПОРЫН

Иә, бір мезетте үш түрлі өнім дайындайтын осы бір зауыт Астананың шетінде орналасқан. Арнайы бардық. Атауы да қызық. «Бірыңғай шоғырлану орталығы» ЖШС деп аталады. Демек, түрлі өнімді бір жерден шығаратын болған соң осылай аталған болар деп ой түйдік. Расымен де, қала маңындағы №1 индустриялық паркте бой көтерген бұл кәсіпорынның аумағы үлкен, 2 гектар жерді алып жатыр. Оның ішінде өнім шығаратын цехтар мен қойма тұр. Ал күн сайын өндіріс орнының бір мүйісінен үлкен жүк көліктері дайын өнімді елдің түкпір-түкпіріне тасып жатыр. Тіпті көрші мемлекеттерге де тауар жөнелтілетінге ұқсайды.



«Бұл цехтың жұмысы да 2018 жылы басталды. Бір жылда 20 млн «сырға» өндіріледі. Оның 16 миллионы ірі қараға, қалған 4 миллионы қой мен ешкіге арналған. Өзіңіз білесіз, ірі қараға сиыр мен түйені жатқызамыз. Осы өнім экспортқа да шығады. Ресей, Грузия, Армения, Қырғызстан еліне жіберіп отырымыз. Бұған қоса, асыл тұқымды мал басына тағылатын радио-жилікті электронды құлақаспа «сырғалары» ТМД бойынша осы зауытта өндіріледі» дейді

кәсіпорынның инновациялық даму жөніндегі директоры.

Оқырманға мына бір дерек әбден қызық болуы мүмкін. Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткендей, әр өңірдің төрт түлікті бекітілген сандық «сырғалау» жүйесі бар. Айталық, Түркістан облысы. Егер сол облыстан зауытқа тапсырыс түссе, «сырғаға» «Х» (өңірдің көлік сериясына ұқсас) таңбасы қойылады және оның жанына «1» не «2» деген сандық белгі түседі. Енді қараңыз, бұл жерде «Х1» белгісі Түркістан жайылымында жүрген сиыр түлігіне берілсе, «Х2» – сондағы ұсақ малға арналған шағын «сырға». «Х5» – түйеге, «Х4» жылқыға беріледі. Ескеретін бір жайт бар, жылқыға «сырға» тағылмайды, оған арнайы тері астына чип қойылады екен. Ит-мысыққа да солай. Ол да осы зауыттан өндіріліп жатыр. Ал «Х3» белгісі кәдімгі «қорсылдаққа», яғни шошқаға арналған «сырға» болып есептеледі. Осылайша, еліміздегі әр өңірдің көлік сериясымен бірдей әріптік таңбасы арқылы мал басы бірдейлендіріп келеді.

Әлібектің айтуынша, дәл осы өнімді шығару үшін халықаралық сапа сертификаты қажет

екен. Ол болмаған жағдайда, тауарды сату еш мүмкін емес. Мемлекеттік сатып алу конкурсына қатыса алмайсыз. Министрлік талабы сондай. Ал біз әңгімелеп отырған «Бірыңғай шоғырлану орталығы» ЖШС Италияға дәл осы өнім түрлерін жіберіп, әбден зерттеткенге



ұқсайды. Артынша тауарды ұзақ тексерістен кейін сондағы халықаралық «ICAR» сапа ұйымы рұқсатын берген. Әрі бұл құжат 5 жылға жарамды.

Айта кетейік, «сырға» өндіретін жабдықтың барлығы – жаңа һәм заманауи технология. Оның ішінде Германия, Түркия және Қытай елінен келген құрылғылар жұмыс істеуде. Сондай-ақ бұл өнімнің шикізаты Қазақстанда жоқ, Еуропадан келеді.

БІР ЖЫЛДА 70 МЛН ҚАП ШЫҒАРАДЫ

Кәсіпорындағы үшінші өнім түрі – кәдімгі қап. Өзіміз білетіндей, 25 және 50 келілік затты қаптайтын өнімдер дайындалады. Оның шикізаты да (полипропилен) өзіміздің Атырау облысынан келеді. Ал серіктестік дайындау құрылғыларын шетелден арнайы алдырған.

«Үн өндіретін диірмендердің көбі солтүстік өңірлерде ғой. Ақмола облысы, Қостанай немесе Петропавл облыстарын айтсақ болады. Негізі, қап шығару цехын Астанада ашу себебіміз де сол. Жақын орналасып, тауарды жылдам жеткізуге үлкен мүмкіндік емес пе? Қазір 50 келіліктен жылына 70 миллион қап шығарамыз. Дәл осы өлшемге тапсырыс та көп түседі. Үн, тыңайтқыш, тұз сияқты тауарларды қаптауға осы қаптың көлемі тиімді болып тұр. Ал 25 келіліктен 40 миллионға жуық қап дайындалады. Күріш, қант сияқты азық-түлік тауарларынан бөлек, цемент секілді құрылыс материалдарын қаптауға тапсырыс түсіп жатады» дейді Әлібек Қабдышұлы.

Бұл өнімге көбіне тапсырыс берушілер – астық компаниялары. Сондай-ақ тыңайтқыш өндіретін «Қазфосфат», «ҚазАзот» сынды ірі химия зауыттары да осы кәсіпорын өнімін тұтынып отыр.

Әлібек Шәріповтің айтуынша, зауытқа әлі де техникалық мамандық иелері керек. Түрлі станокпен жұмыс істей алатын немесе үйренуге талабы бар жастарды кәсіпорын басшылығы жұмыс барысын өздері-ақ үйретіп алатынын айтып отыр.

«Менің бұл зауытқа келгеніме 9 ай толды. Үй жануарларына тағылатын «сырғалар» дайындайтын цехта жұмыс істеймін. Яғни сол өнімді нөмірлеп, штрих-код қойып отырамын. Өзім Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетіне грантпен түстім. Биыл бітіремін. Мамандығым – инженер. Бізге дуальды оқыту арқылы зауытпен келісім болғанда, 25 студент болып осында ойланбастан тәжірибеден өтуге келдік. Мұнда көп нәрсені үйреніп қана қоймай, жұмыс істеп, жалақы да аламыз. Өз басым екі рет күндізгі, екі рет түнгі ауысымда жұмыс істеймін. Екі күн демалысым бар. Бастысы – жұмыс та, ұжым да өзіме өте ұнайды» дейді цех операторы, 20 жастағы Лияс Сейітов.

Лияс жоғары оқу орнын бітіріп, диплом алған соң осы кәсіпорында тұрақты жұмысқа қалатын ниетін де жасырмады. Әрі ол қатарластарының «мұндай кәсіпорынға көптеп келсе» деген ойын ашық білдірді.

Айта кетейік, «Бірыңғай шоғырлану орталығы» ЖШС өз қызметкерлерін ұдайы қолдап отырады. Мерекелерде, сондай-ақ үлкен тапсырыстарды орындап бітісімен айлыққа қосымша сыйақы береді екен. Азық-түлік себеті қосымша таратылады. Қаладан келетін жұмысшыларға тасымал үшін арнайы екі шағын автобус қарастырылған. Қосымша қызметкерлерге арнайы жұмыс киімі беріліп отырады.

Айгүл УАИС

Тағы да статисти-каға қарайық. Отбасын құрған-дардың ішінде ер-лердің 78 пайы-зы, ал бойжеткендердің 79,1 пайызының некесі алғаш рет қиылған. Ажырасқаннан кейін қайта үйленген ерлердің үлесі – 20,8 пайыз, екінші рет тұрмыс құрған әйелдер 19,4 пайызды құрайды. Алғаш некелескен азаматтардың орташа жасы 27,9 жас болса, әйелдер үшін – 25,2 жас. 2024 жылы неке жаз айларында ең көп тіркелген: маусым – 11 675, шілде – 13 739, тамыз 12 936 рет үйлену тойы тойланған.

АСТАРЫНДА НЕ ЖАТЫР?

Ажырасуға келетін болсақ, 2024 жылы олардың саны 40,5 мың болды. Қалалық жерлерде 30,1 мың ажырасу (74,4%), ауылдық жерлерде 10,4 мың ажырасу (25,6%) тіркелген. Ажырасудың жалпы коэффициенті 2,01 құрады (1000 адамға). Ажырасудың ең жоғары деңгейі – ШҚО-да, 1000 адамға шаққанда 3,12 коэффи-циентімен, сондай-ақ Қарағанды (3,11) және Павлодар (3,09) облыстарында байқалды. Ал ең төменгі деңгейі Түркістан облы-сында – 1000 адамға шаққанда 0,90. Неке ұзақтығы бойынша ажырасулардың ең көп үлесі (35%) 1-4 жыл некеде тұрған отбасылар арасында, ажырасу-лардың 25% – 5 жылдан 9 жылға дейін бірге тұрғандар арасында орын алған. Ал 8 пайызы неке тіркелгеннен кейін бір жыл ішінде ажырасып тынған.

Бұл – еліміздегі отбасы ин-ституты жағдайының жалпы көрінісі. Ажырасу мәліметтері де онып тұрған жоқ. Күйдім-сүйдім деп қосылған екі жастың ыстық-суығы бір жылға да жетпей (8 пайызы) ажырасып кеткен. Төрт жыл да тіл табыспағандар 35 пайызды құрапты. Келесі бір ширегінің шыдамы он жылға да жетпеген. Бұл тек пайыздық көрсеткіштер ғана емес, әрқайсының артында күйзеліс пен дағдарыс, баланың көз жасы, демография мен эко-номика және еліміздің болашағы жатыр. Бұл еліміздегі отбасы институтында үлкен кемшілік бар екенін көрсетеді. Құда болдым, қызымды қияға, ұлымды ұясы-на қондырдым деп, шашылған ата-ананың жерге қарағаны да осы пайыздарда көрсетілмесе де көбімізге белгілі жайт. Өйткені бұл үрдіске айналды. Той тойлап, құйрық-бауырдан үмітті әке-ше-ше өз ұрпағының болашағына күмәнмен қарайтын болды.

Жалпы үйінде бақытты болған адам шын бақытты. Қазақы ұғы-мымыздағы отбасы екі адамның жеке отауымен шектелмейді, оның кең ұғымында күрделі қарым-қатынастар жүйесі жа-тыр. Ол тек ерлі-зайыптылар-ды ғана емес, өз балалары, өз ата-аналарын, ағайын-туыс, құда-жегжаттарды және басқа да туыстарын біріктіретін үлкен орта, қауымдастық, от-орманы, бау-бақшасы жатыр.

ЕРКІНДІК ЕМЕС, ҚАМҚОРЛЫҚ КЕРЕК

Әр адам бақытты болғысы келеді. Алайда алғашқы жел шайқаған күні екі жас екі жаққа қарап, ажырасамын деп жатса, сол от-орманы сырттап қалып жатады. Ерлі-зайыптыға өз от-басын өмірлік қиындықтардан қорғау соншалықты ауыр тиетіні де осыдан. Мәліметтерге қарап отырсақ, Түркістан төңірегінде ажырасулар аз екен. Бұл нені білдіреді? Меніңше, көп жанды классикалық отбасы инсти-туты жақсы сақталған аймақ деп осы өңірді айтуға болады. Мұнда екі жас ешқашан оқша-уланбайды, тіпті қалаға көшіп кетіп жатса да ағайындардың



Өткен жылы АХАТ органдары Қазақстан Республикасында 123,6 мың неке тіркеді, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,2 пайызға артық. Некелесудің жалпы коэффициенті 6,13 құрады (1000 адамға). Шаңырақ көтергендердің көпшілігі Астана қаласының тұрғындары, яғни 1000 адамға шаққанда 7,34 неке коэффициентін көрсетеді.

«қырағы» қамқорлығының орта-сында болады. Олардың пікірін тыңдайды, әулеттің қалыптасқан салт-дәстүрге қарсы шықпайды. Өзім білдімге салмайды. Олар-дың өмірі алғашқы күнінен-ақ, ортасымен біте қайнасып кетеді. Қазіргі психологтардың айтып жүрген жеке өмірінің шегі мен шекарасы болмайды. Әрқайсы-сының өз орны, жауапкершілігі мен міндеті бар. Ең бастысы, жақсысы мен жаманын көріп шыңдалатын, көңілге түйетін ортасы бар. Отбасы мүшелері жасы кіші, үлкені бірдей бір ортада қайнап қауымдастыққа айналғанда, жан-жағына бауыр басқанда ажырасуды ең оңай жол

деп қарастырмайды. Бақыттың кілті – махаббат, өзара түсіністік, өзара құрметте ғана емес. Әу-летке адалдық та, керек болса құрбандық та, ортаның мүддесі өзінің жеке басының мүддесінен артық тұрғаны да шаңырақтың шайқалмауына алып келеді.

ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫДАН ТОЛЫҚҚАНДЫ ҰРПАҚ ӨРБИ МЕ?

Әйел қырық шырақты десе де, екінші мәрте тұрмыс құрғандар бірден бақытты болып кетеді деген сөз емес. Мамандардың зерттеулеріне қарағанда, екінші некенің бұзылу ықтималдығы

алғашқысына қарағанда жоға-ры көрінеді. Расында адамы алғашқы қадамы дұрыс болмаса, мінез-құлқы, дүниеге көзқарасы бірінші некесін сақтауға ықпалы болмаса, сол мәселелер келесі отбасына да көшеді, енді оларға өгей әке мен әйелдің балалары арасындағы қарым-қатынастар, кейде бұрынғы отбасындағылар-дың қақтығыстары қосылады.

Айтып-айтпай не керек, ажырасу қазіргі өмірдің пара-метрлерінің біріне, некенің бір құрамдас бөлігіне, замана-уи отбасы жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналғаны рас. Ол бүгінде әулетке келер ұят та емес, сүйекке түскен таңба да емес, тұмау сияқты екінің бірінің басында болатын жайттай қабылдайтын болдық. Тіпті ажырасу тұқым қуалайтын құбылысқа айналды. Толық емес отбасында өскен балалар – ата-анасының өмірлік қателіктерін қайталайды, олар үшін ажырасу қалыпты жағдай.

Ал ажырасудың ауырт-пашылығы өз алдына. Соңғы уақытқа дейін әйелдер ажырасуды ерлерге қарағанда қиынырақ сезінеді деп есептелді. Әйелдің қырық жаны бар деген сөз рас екен. Нәзік жандылар ажырасқан-нан кейінгі күйзелістен ерлерге қарағанда тезірек шығып, қалпы-на келеді. Ер адамдар, керісінше, күйзеліске түсіп, көбінесе шын-дықтан қашуға тырысады. Алаң көңілін басу үшін бір нәрсеге салынып, сол иірімнен шыға алмай жүреді екен.

Ажырасудың салдары ерлі-за-йыптыдан бөлек, олардың бала-ларына да ауыр салмақ. Шетелдік және отандық психологтардың көпшілігінің пікірінше, эмоцио-налды сау баланың қалыптасуы баланың ата-анасының екеуімен

де өзара үйлесімді қарым-қаты-насына байланысты. Балалық шағында әкесімен толыққанды қарым-қатынастан айырылған ұлдар, анасының көлеңкесінде өсіп, мінез-құлықтың «әйелдік» түрін қабылдайтыны, ер-азамат-тық сипатына тән қасиеттері жұтаң келеді. Әкесіз өскен ұлдар көлеңкеде өскен шөп сияқты, қауқарсыз, бейғам, қайратсыз ке-леді. Көп жағдайда байсалдылық танытпай, еркектік мінезінің жоқтығы көрініп қалады. Көргені аз болған соң әкелік борышын өтеу әлдеқайда қиын түседі.

Әкесіз өскен қыздардың ер-а-замат туралы түсініктерін қалып-тастыру қиындау. Болашақта

ЖАЛПЫ, ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ЖАСТАРДЫ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ КЕШЕНДІ ЖҮЙЕСІ ЖОҒЫН МОЙЫН-ДАУЫМЫЗ КЕРЕК. БҰЛ ҚОҒАМДА ЖАҒЫМСЫЗ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙҒА АЛЫП КЕЛДІ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ИНСТИ-ТУТЫНЫҢ ДАМУЫНА КЕРІ ӘСЕРІН ТИ-ГІЗУДЕ. НЕКЕГЕ ДЕЙІНГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫ НЕКЕГЕ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ ӨЗЕКТІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

олардың күйеуі мен ұлын дұрыс түсінуге, әйел мен ана рөлін атқару ауыр болады. Айналасына сенімсіздікпен қарайтыны да болады. Ал әкенің қызына деген сүйіспеншілігі оның өзін-өзі тану, өзіне деген сенімділігін арттыру, әйелдік бейнесін қалыптастыру үшін өте маңызды дейді. Сон-дықтан да әкесіз өскен қыздардың тағдыры ойландырады.

НЕКЕНІ ҚАЛАЙ НЫҒАЙТАМЫЗ?

Соңғы жылдары ажырасу статистикасы көпшілікті қатты алаңдатуда. Биік мінберден ой-ланбай айтылатын пікірлер де жоқ емес. Соның бірі Мәжіліс депутаты Ардақ Назаров ажы-расқандар үшін жоғары табыс салығының ставкасын енгізуді қарастыруды ұсынған болатын. Алайда депутаттың осы бір ойын

жұлып алып, жөн емес дегендер басым болып, оның басқа сал-мақты да сазды сөздері еленбей қалды.

Расында да ажырасуға то-лық тыйым салу немесе оған негіздердің өте шектеулі тізімі адамдарды отбасылық өмір ере-желерін сақтауға шақырмайды, отбасы институтын қорғап та қалмайды. Отбасының іргетасы ретінде некені нығайтуға бағыт-талған демографиялық саясат шараларын әзірлеген кезде шын-дық әрқашан бір жерде екенін есте ұстауымыз керек. Әркімнің ойына келгенін істеп, отаудың ойранын шығарсын деген еркін-дік берудің ақыры жақсылыққа жеткізбейтіні рас. Тыйып ұста-удың да жақсылыққа апармасы анық. Бізге құндылықтарымызды қайтаратын, адамдардың сый-ласып, сіз-біздесіп өмір сүретін отбасы институтының наси-хаты керек. Жаңа ғасырдың заманауи стандарттарының ұлттық салт-дәстүрлерімізбен ұштастырған үлгісін алып, соны алға тартуымыз қажет.

Бұл ретте депутаттың ел-дегі демографиялық жағдайға байланысты бірнеше ұсынысы көңілден шығады. Ол мыналар:

– Ажыраспақшы болған жұпты татуластыру үшін қоғамдастық кеңестері, ардагерлер алқасы, имамдар, әйелдер кеңесін пай-далану; Жас отбасыларды қол-дауға бағытталған «Жас отбасы» ұлттық бағдарламасын әзірлеу; Үйлену тойын өткізу кезінде кең көлемді ақпараттық-идеологи-ялық науқан жүргізу.

МЕМЛЕКЕТТІК МӘСЕЛЕ

«Ажырасу – тек екі адамның тағдыры ғана емес, бүтін бір ұрпақтың, қоғамның, мемле-кеттің мәселесі. Сондықтан бұл мәселені тек жеке отбасы дең-гейінде емес, ұлттық қауіпсіздік пен тұрақтылық тұрғысынан қарауымыз қажет» деген Мәжіліс депутатының ойын қос қолдап қолдаймыз.

Жалпы, қазіргі уақытта жастарды отбасылық өмірге дайындаудың кешенді жүйесі жоғын мойындауымыз керек. Бұл қоғамда жағымсыз әлеумет-тік жағдайға алып келді және отбасы институтының дамуына кері әсерін тигізуде.

Некеге дейінгі мінез-құлық және жастарды некеге дайындау мәселесі өзекті болып табыла-ды. Қазіргі жағдайда құндылық

ЖАЛПЫ, ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ЖАСТАРДЫ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ КЕШЕНДІ ЖҮЙЕСІ ЖОҒЫН МОЙЫН-ДАУЫМЫЗ КЕРЕК. БҰЛ ҚОҒАМДА ЖАҒЫМСЫЗ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙҒА АЛЫП КЕЛДІ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ИНСТИ-ТУТЫНЫҢ ДАМУЫНА КЕРІ ӘСЕРІН ТИ-ГІЗУДЕ. НЕКЕГЕ ДЕЙІНГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫ НЕКЕГЕ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ ӨЗЕКТІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

бағдарлар мен некеге дейінгі мі-нез-құлық жүйесі өзгерді. Отбасы институтының шаңырағы шай-қалып, абыройы кетіп тұрғанда, жастардың да көзқарасы әрқалай. Қазіргі жастар әйел мен ерлердің арақатынасын ұрпақ өсіру, бала тәрбиелеу деп қарамайды. Көбіне жыныстық азғындықпен сипатта-лады. Жастардың некеге дейінгі ақпараттарды жыныстық қатынас ашық насихатталған ғаламтордан алады. Оның ақыры жастардың мәдениет деңгейін көтеруге, болашаққа деген көзқарасын қалыптастырып, жанұяның бар-лық аспектілерін дұрыс түсінуге әкелмейді.

Балаларды ерте жастан дер-бестікке, өз іс-әрекетіне жауап-кершілікке баулу, отбасылық мәселелерді және қиын өмірлік жағдайларды шешуге тарту өскен ұясында болмаған соң, қайдан алады?

№61 (4805) 27/05/2025 Сейсенбі

Е.БӨКЕТОВ – 100 ЖЫЛ

Бар ғұмырын ғылымға арнаған Ебіней Арыстанұлы химия мен металлургияның майталман маманы болғанымен, әдебиет пен журналистикаға өмір бойы ғашық болып өтті. Оны ғалымның қанатты сөздерінен-ақ бірден байқауға болады. Құлақ түрелік: «Мен... әдебиетті білмеген ғалымды асыл мәнінде нағыз ғалым болады деп айта алмас едім. Үлкен ғалымдар қашанда мәдениеті жоғары әдебиетке жетік болған» дейді. Мұны бір деңіз. Екінші дәлел: «Сыйлас, сырлас, көмектес...» деп үнемі айтып жүреді екен. Үкілі үміт шақырар осы ұштаған сөз сонау бір замандағы әлемдік қолбасшы Юлий Цезарьдің: «Келдім. Көрдім. Жендім!» дейтін әйгілі сөзінен әлдеқайда жоғары тұр. Шындығында, әскер басы Цезарьдің басқыншылық бағыттағы ұр да жық ұранынан гөрі байсалды Бөкетовтің гуманитарлы көңілі биіктен көрінетіні анық қой!

Ебекеңнің сөз өнеріне ғашықтығын академик Зейнолла Қабдолов: «Бұдан қырық үш жыл бұрын жеті жасар Евнейдің мектеп есігін ашып, алғашқы мұғалімі Август Устиновнадан дәріс алып, көзі қара тануы-ақ мұң, содан бергі күллі саналы өмірінің өн бойында қызға оқып, құныға тоқығаны – қазақ, орыс, қала берсе, бүкіл дүние жүзінің көркем классикасы. ...Евнейдің классгерлік қызметі әзірге шағын, бірақ мәнді: Эмиль Золяның бір топ әңгімелерін, Иван Вазовтың «Бұғауда» романын, Владимир Маяковскийдің «Қадала» пьесасын, Сергей Есениннің «Анна Снегина» поэмасын қазақшаға аударып бастырды. Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсірепов творчествосын тұтас байыптай келе, «Оянған өлке» туралы ойлы мақала жазды. Өткен жылы Маяковскийге қайта оралып, оның «Жақсы» поэмасын аударып шықты. Москвадағы орталық журналдарда «Атан қомында туған адам» деген атпен қазіргі қазақ интеллигенциясы жайлы көлемді эссе жариялады. Биыл «Жазушы» баспасынан публицистикалық очерктері мен сын мақалалары жеке жинақ боп жарық көрмек. Бұл күндерде Е.Букетов академик Қ.Сәтбаев хақында кітап жазып жүр» деп ғалымның балғын шағынан бастап, әдебиеттегі аудармашылық және публицистикалық еңбектеріне тоқталады да: «Евнейді Евней еткен – көркем әдебиет» деген түйін жасайды. Бұл – академиктің академик жайлы тамаша толғағы (З.Қабдоловтың «Селен мен өлең» атты мақаласынан үзінді).

Ебіней Арыстанұлының өндіріске қосқан зор үлесі көз алдымызға алып та асқар тауды елестетсе, қазақ руханиятында да сондай мол еңбек еткені мынадай деректерден көрінеді. 1950 жылдардан 1983 жылға дейінгі 30 жылдан аса өндірісте жаңалық ашу, ғылым мен білімде басшылық пен ұйымдастырушылық қызметтерде жүрсе де қаламын қолдан

ОЛ ЕККЕН ДӘН

«Жан-жақтылық», «көп қырлылық» деген ұғымдарды ұлы адамдарға қаратып айтып жатамыз. Расында солай! «Қасым солай болмаса, несі Қасым?!» депті Мұқағали ақынның талантына таңғалып. Біз іздеген Ебіней ағаның жан-жақтылығы мен сан қырлылығы оның талант құдіретінде тұр десек, артық айтқандық емес. Ендеше, Бөкетов әлемінде басты орын алатын ғұлама ғалымның ерекше қыры – әдебиетшілігі мен публицистикасынан сыр тартып көрейік.



Биыл наурыздың 23 жұлдызында Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің туғанына 100 жыл толды. Бір ғасырлық бұл мерейтой қазақ білімі мен ғылымының, мәдениеті мен әдебиетінің, тарихының, химия мен физикасының, өлке өндірісінің, яғни көмір мен темірдің тойы десек те болады. Өйткені осы салалардың бәріне де Ебіней ағаның еңбегі сіңді

Социалистік Қазақстан, 1973, 31 қазан), «Тұңғыш қазақ академигі» (/Орталық Қазақстан, 1979, 12 сәуір), «Тұлпар тұяғының іздері» (/Орталық Қазақстан, 1982), «Көмір мен судан: мұнай, бензин, керосин және басқалары» (/Зерде, 2000, №2, 3), «Шәкәрім туралы Абзал Қарасартовпен әңгіме» (/Жұлдыз, 2000, №11, 69-88 беттер). Бұл шоғыр топтан басқа да еліміздің қазақша, орысша басылымдарында жарық көрген материалдары көп екен.

Өз дәуірінің өзекті мәселелеріне қалам тербеген ғалым-публицистің осынау толқынды туындыларына бөкетовтанушы-ғалым Қойлыбай Асанның «Евней Букетов – публицист» дейтін зерттеу еңбегінде мынадай пайымды пікір айтылған: «Біріншіден, Е.Букетов – кез келген тақырыпқа қалам сүйкей бермеген сыралғы публицист. Ол тек өз парасат-пайымындағы толғауы жетіп, пісіп-жетілген дүниелерді ғана ой таразысында екшей отырып, сол мәселе болмысының табиғатын жан-жақты ашып көрсете білген. Екіншіден, мәселе етіп көтерген кез келген проблемасын, ғылыми негізде тұжырымдай отырып, одан шығудың концепциялық жолдарын қоса ұсынады. Үшіншіден, публицистикалық шығармаларының қай-қайсысында болмасын дидактикалық әсер, романтикалық сезім сияқты әсіре қызыл мінез жоққа тән. Келелі

пікір, ғибратты қағидалары әр ойынның мазмұнын айшықтап, көркемдігін арттыра түседі. Төртіншіден, публицист шығармашылығының мәні қоғамдық қажеттіліктен туындауымен, оқырманның заманға сай рухани қажеттілігін қанағаттандыруымен құнды».

Бұған қарағанда, Ебіней ағамыздың тумасынан журналистік бейімі, публицистік қыры болғанға ұқсайды. Бұл айтып отырғанымыз – кезінде мерзімді баспасөзде жарияланған Бөкетов жазбалары. Енді осыған қоса, ғалым-публицистің қаламгерлік қырын тағы да айғақтайтын біршама кітаптары да бар. Оларға да сәл тоқталсақ: «Атан қомында туған адам» – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1975, «Грани творчества» – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1977, «Шесть писем другу» – Алматы: «Жалын» баспасы, 1989, «Нефть, уголь и вода в химии и энергетике» – Караганда, 1994, «Святое дело Чокана. Об академике Сатпаеве» – Караганда: «Арко» баспасы, 1994, «Алты хат» – Алматы: «Жалын» баспасы, 1996, «Жас Қаныш» – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1999, «Соқровенное. Көкейкесті» – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 2000, «Детские годы Каныша» – Караганда, 2001. Бұларға тағы екі қыры – аудармашылық пен сын-шылдығын қосыңыз. Бөкетов аудармаларының бәрі классикалық деңгейде екенін жұрттың көбісі растайды. Мысалға, Шекспирдің «Макбеті», Есенин мен Маяковскийдің пьесы, поэмалары, басқа да орыс және әлемдік классиктердің шығармаларын өз тілімізде өрнектеп, шедевр жасаған.

Бір ғажыбы, химия мен металлургиядан қаншама жаңалық ашып, өндіріске енгізгені, жоғары оқу орындарындағы басшылық қызметтер, ұйымдастырушылық іс-әрекеттер, халықпен, студенттермен жұмыс істеу, басқа да түрлі қоғамдық жұмыстармен жүрсе де әдебиет пен журналистиканы қалыс қалдырмай ерен еңбек қылуы баршамызға үлгі-өнеге болатындай. Осының бәріне қалай уақыт тапқанына таңғаласың... 1925-1983 жылдар аралығында 58 жыл ғана ғұмыр кешкен ғұлама ғалымның бір сөзінде: «Менен кейін не болатынын білмеймін, бірақ мен еккен дөңнің біреуі ғана өз жемісін берсе, мен өзімді бақытты адаммын деп санар едім» депті. Сонан бері акаде-

мик ағаның мыңдаған дәндері өсіп-өніп келеді. Бұл күндері жайқалған қаншама егістіктерге, ну ормандарға айналды десек те, өтірік айтқандық емес. Бұған дәлел ретінде ашылғанына 53 жыл (1972 жылдан бастап) болған Бөкетов атындағы Қарағанды университетін айтсақ та жеткілікті.

Бөкетов әлемін сөз еткенде, Ебіней ағаның ерекше феномен, қайталанбас құбылыс екенін елдің бәрі айтады, мойындайды. Осындай зор жетістікке жету, биік шыңдарды бағындыру оның таудай талантына, далаға тән дарынына қатысты дедік. Дегенмен сол құдіреттің негізі бала Ебінейдің әдебиетке, көркем кітапқа құштарлығынан басталған секілді. Аудармашылық, сыншылық тәрізді қабілет-қасиетке журналистік-публицистік бейім қосылған. Сол әдебиетшілік әлем мен журналистік жол өз иіріміне тартып, қияға қанат қақтырған. Бөкетовтің гуманитарлық қадамын, бағындырған биігін академик Зейнолла Қабдоловтың бір ауыз лебізінің өзі нақтылап тұрғандай. Зекең айтпақшы, «Ебінейді Ебіней еткен – көркем әдебиет» және ерен еңбек екені даусыз.

Биыл наурыздың 23 жұлдызында Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің туғанына 100 жыл толды. Бір ғасырлық бұл мерейтой қазақ білімі мен ғылымының, мәдениеті мен әдебиетінің, тарихының, химия мен физикасының, өлке өндірісінің, яғни көмір мен темірдің тойы десек те болады. Өйткені осы салалардың бәріне де Ебіней ағаның еңбегі сіңді. Ел үшін ерінбей еңбек еткен, ұлттың келешегі – ұрпақ жолында аянбай тер төккен академик-ғалым, техника ғылымдарының докторы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, әдебиетші, сыншы, аудармашы, жазушы, публицист Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің есім-сойы, қалдырған ізгілікті іздері, маржандай мол мұрасы, өндіріске қосқан өлшеусіз үлесі Алаш аспанында алтын әріппен жазылып, ұлт тарихында ешқашан өшпестей, ұмытылмастай орын алды. Ардақты да аяулы, зиялы да жақсы жанның рухы шат болсын!

Әлімжан ҚҰТЖАНҰЛЫ,
Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу университетінің журналистика кафедрасының аға оқытушысы

Соңғы жылдары құқық қолдану тәжірибесінде жүйелі сипатқа ие проблема туындап отыр. Оның түп-төркіні тек құқық қорғау органдары тарапынан таңдамалы көзқараста ғана емес, сонымен қатар Қылмыстық-процестік кодекстің өзіндегі құқықтық олқылықтарда жатыр. Мәселе – қылмыстық істі қозғауға дейін қажетті құқықтық сүзгінің болмауында. Бұл жағдай жеткілікті негізсіз сотқа дейінгі тергеп-тексеру бастауға мүмкіндік береді, нәтижесінде – тінту, қамау, есепшоттарды бұғаттау ақырында бизнесті күйрету орын алады.

ОЛҚЫЛЫҚ ОПЫҚ ЖЕГІЗБЕСІН ДЕСЕК...

2014 жылы жүргізілген реформа аясында ҚР Қылмыстық-процестік кодекстен сотқа дейінгі тексеру институты алынып тасталды. Оның орнына сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде (СДТБТ) тіркеу арқылы автоматты түрде қылмыстық процесс басталатын норма енгізілді. Бұл барлық мәжбүрлеу шараларының дереу іске қосылуына жол ашты. Егер еліміз бойынша 350 000 іс негізсіз де, негізді де тіркеліп, әр істе орта есеппен 10 адам тартылса, бұл 11 миллион электоралдық жас мөлшеріндегі халықтың ішінде 3,5 миллион азамат қылмыстық процестің орбитасына түседі деген сөз. Бұл – ел халқының төрттен бірі!

Алайда тәжірибе көрсеткендей, бұл механизм объективті негізсіз қылмыстық қудалауға бастауға мүмкіндік беретін олқылыққа айналды. Ашық статистикалық мәліметтер бұл жағдайдың ауқымын көрсетіп отыр:

- 2021 жылы 79 612 қылмыстық іс қылмыс құрамы болмағандықтан тоқтатылған;
 - 2022 жылы тағы 68 570 іс тоқтатылған.
- Бұл әрбір іс зардабы:
- жойылған бизнес;
 - тапталған бедел;
 - арестке алынған активтер мен бұғатталған есепшоттар;
 - кейбір жағдайда еркіндіктен заңсыз айыру.

Осыдан кейін ешкім кешірім сұрамайды. Келтірілген зиян өтелмейді. Заңсыз әрекеттер үшін жауапкершілік қарастырылмаған. Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Үкіметтен мынадай тиісті іс-шараларды Қауіпсіздік кеңесі жанындағы арнайы құрылған комиссия тарапында талдап қарауды тапсыруыңызды сұраймыз: 1. ҚР Қылмыстық кодекске, ҚР Қылмыстық-процестік кодекске, сондай-ақ ҚР Азаматтық процестік және ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстерге кешенді ревизия жүргізу:

- сотқа дейінгі тексеру институтын қалпына келтіру;
- сотқа дейінгі тергеуді бастауға дейін нақты құқықтық сүзгі енгізу;
- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілдіктерін алдын ала ақпаратты бағалау сатысында күшейту;
- қылмыс құрамдары бойынша бостандықтан айыру мерзімдерін нақты белгілеу, тым кең аралықтарды алып тастау;
- айыппұл санкцияларын нақты сома немесе айлық есептік көрсеткішке (АЕК) шаққан мөлшермен белгілеу (қылмыстық және әкімшілік кодекстерде бірдей нақтылаулар енгізу). Санкциялардың анық көрсетілмеуі – бүгінгі таңда жемқорлықтың басты көздерінің бірі болып отыр. Бұл салада жүйелі тәртіп орнататын уақыт келді.

2. Негізсіз қылмыстық істерді бастағаны үшін азаматтар мен бизнестің беделіне, қаржысына және мораліне зиян келтірген құқық қорғау органдары лауазымды тұлғаларының жеке жауапкершілігін қарастыратын нақты механизм әзірлеу.

3. Құрамында қылмыс болмаған істер бойынша:
- мемлекет тарапынан жария кешірім сұрау,
 - залалды өтеу міндеттемесін заңнамалық түрде енгізу. Азаматтардың конституциялық құқықтарын бұлжытпай сақтау мен құқықбұзушылықтың алдын алу арасындағы тепе-теңдік сақталмай, шынайы құқықтық мемлекет құру мүмкін емес. «Жаңа Қазақстанның» іргетасын бекемдеуге бағытталған әділетті әрі қажетті қадам болары сөзсіз.

Амангелді НҰҒМАНОВ,
Сенат депутаты

Өркениет жолына түсеміз, әлемдік кеңістікке енеміз, анадан үйренуіміз керек, тағы біреуден үлгі алуға тиістіміз, болсын-болмасын өзгенің қызылына жығылып, жасылына жан қалмай еліктеп жүргенде әлгі халықтық мәйегіміз: «XXI ғасырдың кіреберісінде беті ашылған, іркілмей айтуға болатын үлкен бір қасірет болса, ол – «Жаһандану» деп аталатын құбыжықтың» (Ә.Нұрпейісов) құрсауында қалып, ұшқын-ұшқын болып бара жатқан жоқ па деген бір ұры ой ет жүректі шабақтайтыны бар. Себебі әдеп пен тағылым, дәстүрді есті кісіден басқалар естен шығарып, дүрмекке еріп бара жатқандай. Нарық деген болжауы күңгірт тұста, ақша тайталасы біреуді есіртіп, біреуді есеңгіретіп, ұлт ұрпағын рухсыздыққа, шашыраңқылыққа ұрындырмас па екен? Өйткені ел дегеннен гөрі өзімшілдік бой тіктеп бара жатқандай. Бұл: «Алтын анам Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іркер күшім жоқ деп, ер қайратына мін-дағы, өрге бас» (М.Әуезов) ұғымы бұлыңғырлыққа ұрынбас па екен? Отаншылдық ой-сананы екі бүйірден қысқан қымбатшылық ысырып бара жатқан жоқ па? Елдіктің алғашқы жылдарындағы қилы қиындық алқымнан алғанда да, үлкен-кіші айбынды жүріп еді.

Осы арада мына бір ой ұшқынын сабақтай кетсек дейміз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында алдыңғы толқынның да, оларға ерген кейінгі жастардың да ойлағаны – елдік еді, еңсені тіктеу еді, сол жолда жұдырықтай жұмылу еді. «Үлкен тілек үстіндеміз... Басты мұратымыз – баянды елдік» деп еді кеменгер Кекілбайұлы «...Қуанайық ағайын! Тәуелсіздіктің бағасын біліп, ардақтайық. Қара жерден де ауыр қасіреттерден кейін келген қасиетті Тәуелсіздігімізге қашанда тәу етейік!» деді қасқияп тұрып заң сардары Сартаев, «Кезінде бидай қуырғандай араластырып жіберген халықтар өз тегін тауып жатыр... Тәңірім табадан сақтасын» десе, сақтандыру саңлағы Мұртаза «...ең бірінші тәубе деріміз де, тәу етеріміз де – Тәуелсіздігіміз!» деді абыз ағамыз Бәйкен Әшімов, «Әрбір жауапты кезеңде дамудың дұрыс шешімін тапсаң, көштің алдында боласың, шешімін таба алмасаң соңында қаласың» деді экономист, академик Сағадиев, «Ұлттық сана-сезімге әлеуметтік, экономикалық жағдайдың жағымсыз ықпалы зор болады. Қазақтың басым көпшілігі кедейшіліктен тәуелсіздікті, еркіндікті жоғары қойды. Екіжүзділік пен жемқорлық – қоғам дерті... Табиғи байлық – байлық емес, басты байлық – рухани байлық»



ҮЛКЕНІН СЫЙЛАҒАН ЕЛ ЕДІК...

Ұлт әдебі, ұлт тағылымы – үлкен ұғым. Үлкен ұғымды үкілесен, ұтылмайсың. Қазақ әлімсақтан әдепті халық еді, тағылымды халық еді, бұл бүкпесі жоқ анық еді, бүгінгіні қайдам, бұрынғылар оған қанық еді. Оны көкейлеріне түйіп, көңілдеріне қаттап қоятын болған. Ұрпағының да құлағына құйып, санасына сіңіріп отырған. Ізетіңіз бен инабатыңыз, кісілігіңіз бен кішілігіңіз, адам сыйлау қадамдары, тәйтті ұғып, бетімен кетпей, тәк тұруға табан тіреткен, сөйтіп соның ұшқын-ұшқыны бүгінге жеткен. Әдеп, тағылым сақталған жерде әдепсіздіктің шаңы құйынға ұласпаған, әділет табан астында қалмаған. Дәстүрдің ұйтқы мәйегіне айналған. Ғашықтық жыр десек те, «Әдептен озбайын» деп Абай дана әдепті екі сөзбен әспеттеген.

деді ұлт ұлы, аңғарымпаз Айталы. Иә, ел болу жолындағы табанды тірлікте ұлттың нағыз қайраткерлері: «Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса, халықтық мақсат сонда ғана орындалады» (Ә.Бөкейхан) деп адал қызмет еткені, «көрерміз» деген ниеті қараулардың күн көзі көрінгенде жапалақтай жер соғып қалғаны, қырандай түлеу салтанат құрғаны тарихтан белгілі. Қайыспаған қайсар қазақ зиялыларының аз-кемін алда атадық. Қызыл империя қанша қысып тұрса да, ол тұстағы жұрттың рухы мықты еді. Әсіресе, сойқан жылдардың қиянатын танып білген ұлт зиялары дараланып-ақ тұратын. Бір-бір етегі шынарлы шың секілді еді. Олардың бабалардан жалғасын тауып бұзылмаған, бүлінбеген, шұбарланбаған тілі таза еді, болмысы бүтін еді, ділі мықты еді, діні көкейінде еді, өзімшілдік

түтінінен жан-дүниесі ада еді. «Қалың елім, қазағым...» деген Абай үлгісі, елдік қарсаңында ақталған, «Халыққа қызмет етемін деген кісіге бәрібір: депутат бол, газет шығар, бала оқыт... Кейінгі ұрпақ не алғыс, не қарғыс беретін алдымызда зор шарттар бар» (М.Дулатұлы) деген Алаш арыстары, «Ал қазақ, мешел болып қаламын демесең, тағылымыңды, бесігінді түзе» (М.Әуезов) деген ұлылар ұғымы саналарында сайрап тұрды. Сол сын сағатта сүріндірмей, қысаңнан биікке алып шықты. Бүгінгідей бұлтағы көп, сылтауы көп уақытқа кезіксе, кім біледі? Біз ұлт әдебі, ұлт тағылымы дегенде осындай салт-сана қарзақты қазақ етіп келе жатқанын аңғарту еді. Әдеп, тағылым деген сөздердің астар-әдібінде, қайталап айтсақ, кісілік, кішілік, ізет, инабат, адами қасиет, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық жатыр. Оны үл-

кен-кіші деп те бөле алмайсың. Иненің жасуындайдың өзінде терең мағына, тәлім-тәрбие жатады. Несін жасырамыз, қара дүрсіндікпен соның көбінен көз жазып барамыз. Бұл түбі ұлтқа қатер болмай қоймайды. Біраз жұрт ес жиып жатыр. Сырттан келген әлем-жәлемді електен өткізуде. Бұл арада біз оқшауланып, өркениеттен қағыс жүрейік демейміз. Халықтық қалып бұзылып, кейінгі толқын әдеп, тағылымнан адасып, дүбәра болып, соны сорлатып жүрмесін дейміз. Алдағы Дулатұлы сөзін дұғадай есте ұстасақ, есе кетпес еді. Алдағы алыптардың сөзінен ел болудың оңай еместігін ұқсақ, ұлт үлгісін қалыпқа келтіруге талпынсақ кеткен есе қайтар еді-ау! Алда аяқты нық басып, бізде де бар дер едік. Е, есе кетіп есеңгіреген кездеріміз аз болмаған еді ғой.

Қазақпен бірге жасасқан әдеп, тағылымның үлкен-кішісі жоқ

дедік. Соның кейбіріне тоқталып көрелік. Бала кезімізде, Әйтәйім деген анамыз болды. Ол анамыз жап-жас еді. Зейнехан деген шешеміздің жүзін әжім торлаған, еңсесі түсіңкі кісі еді. Бірақ бұл кісі Әйтәйім анамызды көш жерден көрсе, апа деп бүгіліп жүріп, бүгіліп сәлем береді. Бізге біртүрлі көрінеді. Сөйтсек, алдыңғы анамыздың үйіндегі әкеміздің жолы да, жасы да үлкен екен. Міне, жол сыйлау, міне әдеп, міне тағылым. Одан ол кісілер кем болған жоқ. Аналар өнегесін қазір ел-жұрты аңыз емес, ақиқат деп жаңғыртып келеді.

Сондай бір айта жүрер жайға куә болғанымыз бар. Алда айтқан ұлт зияларымен қанаттас жүрген, қайраткер қазақ, ежелгі әдебиеттен бүгінгі әдебиетке дейін зерделі зерттеу жасаған, көрнекті ғалым Мырзатай аға Жолдасбековтай көне көздің, кейінгіге қалдырған сөзіндей «Күндерімнің куәсі» деген алты кітаптан тұратын шежіре-дүниесінің таныстырылымында әдеп пен тағылым жайы, арғы-бергіні қозғап, тереңнен тамыр тартты. Ағаның алдын қиып өтпейтін салт-санамен ғалым: қаламгер Роза Мұқановаға түйін сөзінде, «Жеңгей, Әкім ағаға (жазушы Тарази) дұғай сәлем айтыңыз!» деді.

Жастар жағы тіксінгендей болды. Жол-жобаға қанықтар бұл ұлт әдебі десті. Ал біреулер анасының қадіріне жетпей жүргенде, ғалым жары Мәрия жеңгейдің анасын Дәу апа деп, алақанда ұстап, өмірден озар-

дағы соңғы тілегін орындап, атажұртына апарып, жер бесікке бөлеуі де, абзал ағаның әдептен аттамағандығын көрсетеді. Бұл да сөз болып па деп қалатындар табылса, біздікі кейінгіге сабақ болар деген ниет қана.

Осы күндері лауазымы барларды алға оздыру әдетке айналып бара жатқандай. Орнынан, яғни қызметінен төмен жылжыса, елене бермейтінін де көріп жүрміз. Шүкір, иманға иілеміз. Бір ойлантатыны, ас беріліп, бата оқылатын жерде молданы төрге отырғызу үрдісі жалғасып келеді. Үлкен кісі болса жөн, уыздай жастардың ақ сақалды қарттардан жоғары отырғаны біртүрлі көрінеді. Әлде солай болу керектігі туралы бәтуа шығарылған ба, болмаса дін ісіне де шенеуніктік «қасиет» қона бастаған ба? Баяғы имамдар төрге үлкендерді оздырып, өздері олардан кейін отыратын. Ол кім болса да үлкенін сыйлаған халқымыздың қадірлі қасиеті еді ғой.

Д.Қонаевтың әкесі, ол кісі дүрілдеп тұрғанда өмірден өткені мәлім. Жерлеп келгеннен кейін жерге жайылған дастарқан басында құран бағыштау рәсіміне қазақтың Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин бастаған тұлғалары қатысады. Димекең келгенде «Жоғары шығыңыз?!» дейді төрде отырғандар. «Әкеге бала төрде емес, босағада отырып қызмет еткені жөн емес пе ағалар, ыңғайсызданбаңыздар» деп іттипат танытып, тізе бүгіпті.

Бұл есті сәтті көзімен көрген, соғыс ардагері Құлшыман Мамырұлы айтып еді.

Үлкенді ардақ тұтудың тағы бір өзіміз көрген, содан кейін аяқты тарта басатын сөт еске түсіп отыр. Тараз қаласында оқушылардың білім сайысы өтті. Шер аға, Шерхан Мұртаза да қатысты. Қорытынды шығар сәтте деңгеленген үстелде төңіректеп отырғанбыз. «Ұлт баласына түзу көздеріңмен қарандар» деген Шер аға төрде. Күні кеше арамыздан кеткен абыз, абайтануда «толық адаммен» төңкеріс жасаған Мекемтас аға Мырзахметұлы сәлем бере кірді. Қозғалмадық.

«О, көке, келіңіз!» деп Шер аға орнынан ұшып тұрды. Басында үнсіз қалған біздер жік-жапар болған болдық. Бұл әдепсіздігімізге сол жерде емес, «ақылымыз» кіргенде еттеген-ай дестік. Әдеп пен тағылымды өзіміз жөнімен атқармай тұрып, сенің мынауың жөнсіз деп кейінгі жасты жазғыру жараса қояр ма екен? «Елдің елдігін сақтайтын – әдебиеті, тарихы, жол-жорасы» деп кеткен екен жасын ақын Мағжан Жұмабаев «Қазақтың дәстүрі тек ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды» депті сөз ұстаған Ғабиден Мұстафин.

Сүлеймен МӘМЕТ, жазушы

ӨМІРІ ӨНЕРМЕН ӨРІЛГЕН

Астаналық Еркін Жүсіпов – бар ғұмырын би өнеріне арнаған еңбек майталманы. Жасы 76-да болса да, ол әлі күнге дейін шәкірт тәрбиелеп, сахнадан алыстамай келеді. Жарты ғасырға жуық уақытын хореография саласына арнаған ұстаз үшін би – жай қимыл-қозғалыс емес, жан дүниенің тілі, тәрбие мен тәртіптің үйлесімі.

Өнерге деген қызығушылығы студенттік шақта басталған. Қостанай педагогикалық институтының биология-химия мамандығына оқуға түсіп, мектепте ұстаздық қызмет атқара, би үйірмасына қатар жүргізеді. Сонымен қатар қалалық мәдениет сарайында да жұмыс істеген. Оның айтуынша, мамандығы басқа болғанымен, би – жүрек қалауы.

– Мамандығым бойынша жұмыс істесем де, бос уақытымды үнемі биге арнадым. Өнерге деген сүйіспеншілігім мені осы салада алып қалды. Оған үлкендердің берген қолдауы да себеп

болды, – дейді ол.

Еркін Жүсіпов би саласындағы алғашқы ірі шығармашылық қадамын 25 жасында жасап, 1971 жылы Өзбекәлі Жәнібековтен ұлттық қойылым дайындауға ұсыныс алған. Сол кезден бастап оның жолы мәдениет пен тәрбиені тоғыстырған би әлемінде жалғасып келеді.

Қазіргі таңда Астана қаласының маңындағы Қоянды ауылында Еркін Жүсіпов жетекшілік ететін «Мирас» би ансамблінде жұмыс істейді. Құрылғанына бір жыл толған, ансамбль құрамында 60-қа жуық бала бар. Олар әртүрлі

бағыттағы би түрлерін меңгеруде. Ансамбль би сайыстарында үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарды еншілеуде. Жетекші үшін әр баланың ынтасы мен көзқарасы маңызды.

Өнер жолында жүріп, талай шәкірт тәрбиелеген ұстаздың жолын жалғап жүргендер бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде. Оның 30-дан астам шәкірті би саласында қызмет істейді. Төрт ұлы мен бір қызы бар Еркін ағаның ең кенжесі әкесінің жолын қуып, биші мамандығын таңдаған. Қазіргі уақытта Ішкі істер министрлігінің ансамблінде еңбек етеді.

– Жастардың көзінен биге деген шынайы ұмтылысты көргенде, өзімнің қартайғанымды да ұмытып, соған мән боламын. Әрине, физикалық тұрғыдан шаршайсың, бірақ балалардың биге деген ынтасы маған күш береді, – дейді еңбек ардагері.

Оның еңбегі бірнеше республикалық



және қалалық мерекелерде жоғары бағаланып, 2009 жылы «Мәдениет қайраткері» атағына ие болды. Бұл – көп жылдық еңбегінің еленгенінің бір көрінісі.

– Қандай мамандықты таңдасаң да, өз ісіңе деген махаббат болуы керек.

Жан-тәніңмен берілсең, жемісін көресің. Мен үшін сахна – өмір, ал би – соған апаратын жол, – дейді Еркін Жүсіпов.

Айнамкөз БҮРКІТХАН, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті



МӘНШҮК ЖАҚҚАН МӘҢГІ ОТ

Астанадағы Музыкалық жас көрермен театры жуырда 23 мамырда М.Қожахметова мен А.Молдағалиевтің «Мәншүк» атты музыкалық драма жанрындағы қойылымының премьерасын көрермен назарына ұсынды.

«Мәншүк» музыкалық драмасы – халық трагедиясы, қазақ қасіреті, сұм соғыстың ұрпақ санасынан ешқашан өшпейтінінің көрінісі. Сахналық нұсқасын жасаған және қоюшы-режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Мамиров, қоюшы хормейстері – Мәдениет саласының үздігі, Ғалымжан Берекешов, костюм суретшісі – Айдана Еңгөбай.

Аты аңызға айналған қаһарман қыз, Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметова образын Мақпал Дүйсен, Гүлден Құрмет, 15 жасар кезін – Айдана Жетешова, бала Мәншүк – Мәнсияны Дана Асхатқызы сомдайды.

«Мәншүк» музыкалық драмасы – қызыл өрт ішіндегі қызғалдақ, он тоғыз жасар пулеметші қазақ қызы Мәншүк Мәметованың есімін ардақтауға, ерлігін дәріптеуге арналған ерекше қойылым. Аяулы қызымыздың ерекше тағдырын арқау еткен айрықша туынды. Шығармашылық топтың неше ай бойғы маңдай терімен, күндіз-түні дайындалған еңбегінің нәтижесі киелі сахна төрінде көрсетіліп, елорда халқының, қонақтарының назарына ұсынылды.

Астанадағы К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің былтырғы түлегі, 21 жастағы Гүлден Құрмет қазақтың қаһарман



қызы Мәншүк Мәметованың рөлін жоғары деңгейде сомдап шықты. Мәншүктің қайсар мінезін, алған бетінен қайтпайтын өжет батырлығын, досқа, әкесі мен анасына адалдығын паш ететін эпизодтары көрерменнің көзіне жас үйірді, аяулы қыздың тағдыры жүректерді шымырлатты. Жүректен шыққан

роль жүректерге жетті... Көзіміздің жасын тия алмадық...

Театр – халықты ізгілікке тәрбиелеуші. Мәншүк жаққан мәңгі от ұрпақтан ұрпаққа жалғасары сөзсіз. Талантты ұжыммен бірге өшпес ерлікке тағзым ету – тірілердің парызы.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

БОЗ КІЛЕМДЕ – БАЛУАНДАР

Астана қаласындағы Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде күрес түрлерінен дәстүрлі Қазақстан кубогы өтіп жатыр. Алғашқы жарыс күнінде еркін күрестен 57, 65, 86, 97, 125 келі салмақта іріктеу кезеңі мен жартылай финалы өтті.



Доданың салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Елнұр Бейсенбаев, ҚР ТСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин, Қазақстан грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының президенті Дәулет Тұрлыханов қатысты.

«Күрес бір орында тұрмайды. Жастарымыз өсіп келеді. Олардың тоқтамай дамуы үшін үнемі жарыстарға қатысуы маңызды. Белгілі бір себептермен әлем чемпиондары Ризабек Айтмұхан, Нұрқо-

жа Қайпанов, әлем чемпионатының бірнеше мәрте жүлдегері Жәмила Бақбергенова қатысқан жоқ. Қалған мықты балуандардың барлығы бар. 20 өңірден 900-ден астам спортшы бас қосты. Жарыс қорытындысы бойынша ұлттық құрама жасақталады» деді Дәулет Тұрлыханов.

Қазақстан кубогының алғашқы екі күніндегі еркін күрес шеберлерінің бәсекесінде 57 келі салмақта – Әділет Әлмұхамедов (Жамбыл облысы), 65 келі салмақта – Начын Қулар (Шымкент), 86 келіде

Болат Сақаев (Атырау облысы), 97 келі салмақта – Бекзат Үркімбаев (Астана), 125 келі салмақта Әлішер Ерғали (Жамбыл облысы) жеңімпаз атанды.

Күрес түрлерінен республикалық бәсекелер бұған дейін Астана қаласындағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайы, «Барыс» мұз сарайында өткізіліп келсе, осы жолы алғаш рет Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде ұйымдастырылып отыр. Жарыс 29 мамырда өз мәресіне жетеді.

СӘТТІ ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Өзбекстан астанасы – Ташкент қаласында пара каратэден IV Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. Дүбірлі додада 8 мемлекеттен келген 36-дан астам спортшы бақ сынасты.

Аталған чемпионатта ел намысын қорғаған астаналық спортшылар «ката» бағдарламасы бойынша сәтті өнер көрсетіп, Қазақстан құрамасының қоржынына 5 медаль салды, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Оның ішінде Ләззат Жүсіпова (1 алты), Нұржайна Жаннетова (1 күміс) және Дидар Мұхамеджанов, Әзиза Ибрайымова, Ерлан Нұрмағамбетов (3 қола) бар.

«Жарыс өте жоғары деңгейде өтті. Әр елден келген қарсыластар мықты дай-

ындықпен келген. Бірақ біз де соңғы бірнеше ай бойы осы додаға тыңғылықты жаттықтық. Бұл жеңіс – бапкерлер еңбегінің және ұжымдық қолдаудың нәтижесі. Бұл медаль – елім үшін!» – деді Азия чемпионатының алтын жүлдегері Ләззат Жүсіпова.

ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ ВЕЛОШЕРУ

Астанада есірткіге қарсы күрес күніне орай бұқаралық велошеру өтті. Мектеп маусымының аяқталуы және жаз мезгілімен тұспа-тұс келген сәтте қала шетіндегі «Жасыл белдеу» саябағында ашылу салтанаты өтті. Таңғы 9:00-де басталған спорттық шараға елордамыздан 700-дей тұрғын қатысты.

«Қоғамда мәселелер көп. Бірақ интернет беттерінде синтетикалық есірткі жайлы өте көп талқыланады. Мемлекет басшысының өзі бұл жағдайды қатаң назарына алған. Ал бұқаралық велошеру – ерік-жігерді шыңдауға мүмкіндік береді және спортқа жақын жандармен танысып, ортасын табуға

ықпал етпек. Баршаңызды құттықтаймын! Бұйырса, жаз мезгілінде де бірнеше велошеру ұйымдастыру жоспарымызда бар» деді Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Азамат Ағзамов.

700-ге жуық әуесқой спортшы бас қосқан шарада қаты-

сушылар Үркер елді мекенінің «Жасыл белдеу» саябағына дейін жалғасқан 25 шақырым қашықтықты еңсерді.

Іс-шара соңында қатысушылар арасында лоторея арқылы велосипед ойнатылып, ыстық шай мен палау берілді. Келесі велошеру маусым айының басында рәміздер күніне жоспарланған.





Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 61

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ